

**БЕКІТІЛДІ**

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы»  
МҚКК басшысының м.а.  
С. Дауешова  
«    »    2023 ж.



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНДЕ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС» АТТЫ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ІХ ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мамандарды даярлаудағы заманауи көзқарас» атты техникалық және кәсіптік білім беру оқытушылары мен мамандарына арналған қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның осы ережесі конференция жұмысының мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін, негізгі бағыттарын анықтайды.

1.2. Конференцияның ұйымдастырушылары: Астана қаласының «Білім басқармасы» ММ, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК, «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МҚК.

1.3. Мақсаты:

- кәсіби құзыреттілікті жетілдіру және өз педагогикалық қызметін талдау үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- арнайы пәндер оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту;

- кәсіби және педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, алмасу;

- колледж педагогтері арасындағы кәсіби байланыстарды нығайту үшін жағдай жасау.

**II. ӨТКІЗУ НЫСАНЫ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

2.1. Өткізу мерзімі: 2023 жыл 31 қаңтар, басталуы сағ.10.00

2.2. Өткізу орны: Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі 19, «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МҚК

2.3. Өткізу нысаны: тікелей қатысу

### III. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Астана қаласы колледж директорларының оқу, оқу-әдістемелік, оқу – өндірістік жұмысы, кәсіптік оқыту жөніндегі директордың орынбасарлары, арнайы пәндер оқытушылары және колледждердің өндірістік оқыту шеберлері.

3.2. Конференцияның тілі: қазақ, орыс тілі.

3.3. Конференцияға қатысу:

- секциялық отырыста баяндама жасау;
- конференция жинағының материалдарында мақаланы жариялау.

### IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Алишева Ильмира Сериковна, Астана қаласының «Әдістемелік орталығы» МКҚК техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы;
- Басығараева Салтанат Қайратовна- «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директоры;
- Исина Нагима Саткеновна, Әдістемелік орталығының ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел. 8 (701) 6447318;
- Жакина Камила Анапияевна – «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директордың ОӘЖ бойынша орынбасарының м.а, байланыс тел. 8(701)2727964;
- Байгенжина Ризагуль Букешовна – «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК әдіскері, байланыс тел.8(702)1660427;

4.2. Конференцияны өткізу тәртібі.

1 кезең – қатысу үшін өтінімдерді баяндамаларды және мақалаларды жұмыстарды қабылдау. Баяндамалар мен мақалалар 2023 жылдың 23 қаңтарына дейін [konferen2023@mail.ru](mailto:konferen2023@mail.ru) электрондық поштасына талаптарға сәйкес қабылданады:

- қатысуға өтінім (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес ресімделген мақала (№2 қосымша).

Әрбір қатысушының өтінімі, баяндама тезистері немесе ғылыми мақаласы бір файлда орналастырылады.

Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған немесе талаптарға сәйкес ресімделмеген материалдар қаралмайды және қайтарылмайды.

2 кезең - конференция өткізу.

Қатысушыларды тіркеу - 2023 жылғы 31 қаңтар, сағат 09.00-9.45.

Конференцияның басталуы – сағат 10.00.

### V. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

5.1. Секциялық отырыстардың жұмыс бағыты:

- Тәжірибеге бағдарланған кәсіптік оқыту - болашақ маманды табысты даярлаудың кепілі (директордың оқу, оқу - өндірістік жұмыс, кәсіптік оқыту, ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарлары);
- Қызмет көрсету саласы үшін кадрларды даярлаудың заманауи трендтері;
- Студенттерді оқыту процесінде кәсіби құзыреттілік пен экономикалық ойлауды қалыптастыру;
- Сәулет, құрылыс және дизайн: мамандарды даярлаудағы инновациялар. Тәжірибе, мәселелер, шешу жолдары;
- Цифрлық Қазақстан: жаһандық өзгерістер жағдайындағы білім;
- Теориядан практикаға: білім беру ортасы және көлік және байланыс инфрақұрылымы үшін мамандар даярлауда жағдай жасау;
- Болашақ педагогтердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негіздері;
- Қазақстан Республикасының заманауи денсаулық сақтау жүйесіне медицина кадрларын даярлаудың өзекті мәселелері.

5.2 Баяндамаларға қойылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігін негіздеу;
  - жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы;
  - зерттелетін мәселені талдау және жалпылау;
  - жұмыс бойынша өзіндік қорытынды.
  - баяндама көлемі 5 бетке дейін, оның ішінде суреттер, кестелер, формулалар, әдебиеттер тізімі.
- Баяндау уақыты – 5 минут. Презентация- 7 слайдтан артық емес.

5.3. Жарияланымдарға қойылатын талаптар:

Файл Microsoft Word, шрифт: «Times New Roman», қағаз өлшемі – А4, бағдары-кітапша, кегль – 14 (суреттер мен кестелерде – 12-ден кем емес), интервал – 1,0 жоғарғы және төменгі жиектер – 2 см, сол - 3 см., оң – 1,5 см, абзац: бірінші жол – шегініс 1,25 см, тегістеу – ені бойынша, мақала көлемі- 4-5 беттен аспайды. Баяндама ақ-қара нұсқада ұсынылуы керек. Дәйексөздерге, сандарға, құжаттарға және т. б. библиографиялық сілтемелер [ ] шаршы жақша түрінде ресімделеді және сілтеме жасалған кезде мақаланың соңындағы әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Бет нөмірлері енгізілмейді. Пайдалануға ұсынылған қосымшалар: MicrosoftEquation, CorelDraw, Excel.

Баяндама материалдары зерттеу сипатында болуы, талаптарға сәйкес мұқият өңделуі тиіс, баяндама (мақала) тақырыбы секция атауының бағытымен сәйкес келмеуі тиіс, түпнұсқалығы (кемінде 80%).

Мақалалар рецензияланбайды, авторлық редакцияда жарияланады. Ұйымдастырушылар орфографиялық және стилистикалық қателіктер үшін жауап бермейді. Талаптарға сәйкес келмейтін, мерзімінде тапсырылмаған материалдар басылымға жіберілмейді.

## **VI. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

6.1. Конференцияның секциялық отырыстарына қатысушыларға жұмыс тәжірибесін жинақтау туралы сертификаттар беріледі.

6.2. Үздік жұмыстар дипломдармен марапатталады.

6.3. «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды даярлаудағы заманауи көзқарас» атты қалалық ғылыми - практикалық конференцияға қатысушылардың мақалаларының электрондық жинағы Әдістемелік орталықтың [astana-modern.edu.kz](http://astana-modern.edu.kz) сайтында және Сервис және туризм колледжінің <https://www.ksit.kz> сайтында орналастырылатын болады

1 қосымша

**ТЖКББ арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған  
«Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар  
даярлаудың заманауи көзқарас» атты ІХ қалалық ғылыми-практикалық конференцияға  
қатысуға  
Өтінім**

| № | Т.А.Ә | Секция (бағыт) | Қатысу<br>- секциялық<br>отырыста,<br>- конференция<br>жинағында<br>жариялау<br>(көрсету ) | Тел.,<br>эл.пошта | Қажетті<br>техникалық<br>құралдар |
|---|-------|----------------|--|-------------------|-----------------------------------|
|   |       |                |  |                   |                                   |

2 қосымша

Мақаланы жариялауға арналған үлгі

**КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН  
ПАЙДАЛАНУ  
(1 интервал)**

**Алимжанова Енлик Болатовна**

оқытушы.....

(1 интервал)

Аннотация: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Түйін сөздер: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

(1 интервал)

Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні  
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні  
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні  
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні  
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні  
Мақала мәтіні Мақала мәтіні

(1 интервал)

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Кирилова Г.И. Білім берудегі ақпараттық технологиялар және компьютерлік құралдар //Educational Technology & Society. - 2000. № 5